

A blue sky with white clouds and several birds flying. The clouds are stylized and fluffy. The birds are in various stages of flight, some with wings spread wide, others in a more compact shape. The overall scene is bright and airy.

Жер сілкінісі

Орындаған: Асқарбек
Меруерт



Жоспары:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

2.1 Жер сілкінісі кезіндегі тіршілік қауіпсіздігі

2.2 Жер сілкінісін болжау.

2.3 Эвакуациялық шараларын

ұйымдастыру

III. Қортынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Жер сілкінісі - бұл жер бетінің жер астында өтетін дүмпулері және тербелулері негізіндегі себептермен туындайтын табиғи құбылыс. Жер қойнауларында үнемі тұрақты күрделі процестер болып жатады, терең тектоникалық күштердің әсерінен кернеу пайда болып, жер қыртысы кабаттары деформацияға ұшырайды, бүрмелер сығыла бастайды да, сын шамадан артық жүк тиеулердің шабылуымен жылжытылады, жыртылады және жер қабатының сынуларына алып келеді.



Жер сілкінісінің төрт түрі бар.

- **Жанартаулық жер сілкінісі** - жанартаулардың атқылауы басталу кезінде, оларға жақын жерде, жанартау каналымен магманың қозғалуынан болады.



- **Техногендік жер сілкінісі** - адамдардың су қоймаларын жасауынан, мұнайды, газды, жер асты суларын шығаруынан, күшті жарылыстардан болады.

Жердің бетінде ерекше екі аса белсенді жер сілкінісі бар.

Тынық мұхит белдеуі - Тынық мұхитын қоршаған жер сілкінісінің аймағы, бұл жерде дүние жүзі бойынша жер сілкінісінің 90 %-ы болады.

Жерорта теңізі - Азия белдеуі - бұл Жерорта теңізінен Түркия, Иран, Солтүстік Үнді арқылы өтеді, барлық жер сілкінісінің 5-6 %-ы осында болады.

Қалған жер сілкінісінің 4-5 % мұхит ортасы жотасында немесе тақталардың ішінде болады.



Қазақстан Республикасында
сейсмикалық қауіпті аймақта мына
облыстар орналасқан:

- Шығыс-Қазақстан облысы
- Алматы облысы
- Жамбыл облысы
- Оңтүстік Қазақстан облысы
- Қызылорда облысы
- Маңғыстау облысы.

Қазақстан Республикасында болған күшті жер сілкіністеріне мыналар жатады:

1887 жылы 9 маусымда болған Верненск жер сілкінісі. Жер сілкінісінің кіндігі - Верный қаласының оңтүстігінен 15 шақырымда болды. Магнитудасы - 7,3 (9-10 балл). Қала түгелімен қираған болатын. 329 адам қаза тапты. Шығын - 2,6 млн сом (сол кездегі бағамен).

1889 жылы 12 шілдеде - Шелекте жер сілкінісі болды. Магнитудасы - 8,3 (жер сілкінісінің кіндігінде -10 балл). 24 адам қаза тапты. 3 мыңға жуық құрылыс қирап қалды.

1911 жылы 4 қаңтардағы Қазақстан мен Орта Азиядағы күшті жер сілкінісінің бірі - Кемин жер сілкінісі. Магнитудасы - 8,2 (11-12 балл). Верный қаласы мен Ыстық көлдің солтүстік жағалауы күшті зақымданды. 540 адам қаза тапты. Шығын -1,4 млн сом (сол кездегі бағамен). Мамандардың санауынша жер қойнауынан шыққан энергия Днепрогэстің 326 жыл тоқтаусыз жұмыс жасағанда шығаратын энергиясына тең болды.

1990 жылы 14 маусымда 12 сағат 47 минутта Зайсан жер сілкінісі болды. Магнитудасы - 7,0 (8 балл). 8874 үй қирап қалды. 36 000 адам баспанасыз қалды. 1 адам қаза тапты. Шығын - 300 млн сом (сол кездегі бағамен).

Жыл бойында планетадағы жер сілкінісінің баллдық топталуы

Жер сілкінісі	Баллдығы	Жылдық орташа саны
Әлсіз жергілікті	5-6	5000-7000
Орташа	6-7	700-1000
Күшті жергілікті (локальді)	7-8	100-150
Күшті аймақтық	9-10	15-20
Глобальді	11-12	1-2

Жер сілкінісінің болжамы мынадай болады:

- ұзақ уақытты (бірнеше жыл);



- орташа уақытты (айлар);



- қысқа уақытты (күндер мен сағаттар).

Болжамның кез келген түрінің тура практикалық бағыты бар:

- ұзақ уақытты - сейсмикалық ауданда жерді қолдану мен құрылыс жасауды жоспарлауға мүмкіндік береді;



- орташа уақытты - авариялық қызметті дайындыққа келтіріп, материалдық заттарды қорландыруға мүмкіндік береді;



- қысқы уақытты - аса қауіпті өндірістердің тоқтап қалуынан бастап, халықты көшіруге дейінгі жағдайларда төтенше шараларды қабылдау үшін қолданылуы мүмкін.

Эвакуациялық шараларын ұйымдастыру

Эвакуация- адамдардың өмірін сақтау және өндірістің жұмыс істеуіне жағдай жасау мақсатында халық пен материалдық құндылықтарды төтенше жағдайлар аймақтарынан және осы заманғы зақымдау құралдары қолданылуы мүмкін аудандардан ұйымдасқан түрде әкету шығару.

Эвакуацияланған барлық халық қауіпсіз аймаққа орналыстырылған пункттерде тіршілік қызметіне қажеттілермен аз шамада қамтамасыз етілуге тиіс.

Төтенше жағдай тәртібін енгізе отырып, соғыс кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда эвакуациялауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар жүргізеді.

**ҚҰТҚАРУ ӨЛІШПЕСІ ЭКСТРЕМАЛДЫҚ
ЖАҒДАЙЛАР
КЕЗІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚЫСҚАША
НҰСҚАУЫ**

Жер сілкінуіне дейін:

Жағдайды көз алдыңызға елестетіңіз: қатты жер сілкінісі болған кезде егер сіз жұмыста, үйде, ал балаларыңыз сол кезде мектепте немесе балалар бақшасында болса? Өзіңіз бен отбасы мүшелерінің осындай жағдай бола қалған кезде жете зерттеңіз: тығылу үшін ең қауіпсіз жер қайда, жер сілкінісі біткеннен кейін қай жерде кездескен дұрыс т.б. Сіздің алдын-ала құрған «сценариіңіз» апат болған жағдайда көмекке келеді.

Алдын-ала дайын болыңыз:

- Рюкзак немесе сөмкеңізді құжаттар;
- Үш күнге жететін тамақ пен су;
- Алғашқы медициналық дәріханасы мен медицинаменттер;
- Жылжымалы электр фонары мен сіріңке;
- Жылы киім мен аяқ киім.



Алғашқы жер сілкінісі кезінде :

- Есте сақтаңыз: жер сілкінісі басталған кезде үрейленбеңіз және басқалардың да үрейленуіне жол бармеңіз;
- Газ, су және жарықты сөндіріңіз;
- Жер сілкіну төменгі баллмен жай болса, онда қорықпаңыз, сол жерде тұрыңыз, яғни күтіңіз. Егер күшті жер сілкінісі болған кезде сіз үйдің ішінде болсаңыз (дүмпу күші бес және одан жоғары болса):
 - Екінші және одан да жоғары қабатта болсаңыз ол жерден ешқайда кетпеңіз;
 - Ішкі қабырғаның қауіпсіз жеріне, бұрышқа, есіктің жақтауына, ваннаға жатыңыз;
 - Кереуеттің, столдың астына кіріңіз, себебі бұлар сізді құлайтын заттар мен сынықтардан қорғайды. Өзіңізді ауыр жиһаздар мен терезелерден аулақ ұстаңыз;
- Лифтіні пайдаланбаңыз.



3 14:33

Жер сілкінісен кейін:

- Қажет адамдарға алғашқы жәрдем көмегін көрсетіңіз;
- Зардап шеккендерді үйіндіден шығаруға көмектесіңіз;
- Радиоқабылдағышты қосыңыз;
- Суды, газды, жарықты мүмкіндік болса өшіріңіз;
- Ашық отты пайдаланбаңыз;
- Өте сақ болыңыз, ғимаратты тез арада босатыңыз, яғни басқа жаққа барыңыз.






Жер сілкінісі мүмкін болатын аймақтарда ірі қалалар мен елді мекендер, гидротехникалық құрылыстар мен зиянды өнімдермен жұмыс істейтін өндіріс орындары, улы және жарылғыштық қаупі бар материалдар қоймалары орналасқан. Қатынас және инженерлік желілердің жер сілкінісі кезіндегі бұзылуы да біраз қауіп төндіреді.

Пайдаланылғын әдебиеттер

- Қазақ ұлттық энциклопедиясы
- Қ.Т. Жантасов, Е.Н. Кочеров, А.С. Наукенова, М.Қ. Жантасов «Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі», Алматы 2012ж.
- Уикипедия ашық энциклопедиясы
- Интернет беттері




PAXMET!





PAXMET!
!!

!!



PAXMET!
!!



PAXMET!
!!

PAXMET!
!!